



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

ЕЛ ТІЛЕГІ

№1 (909) Сәрсенбі 8 қаңтар 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



АЙМАҚ БАСШЫСЫ АРАЛ АУДАНЫНДАҒЫ АСПАЛЫ КӨПІРДІ ҚҰРЫЛЫСЫН КӨРДІ

Бүгін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Арал ауданына жұмыс сапары кезінде аспалы көпірдің құрылыс барысын көрді. Ұзындығы 940 метр көпірдің бас жобалаушысы «АлматыДорПроект», мердігер мекеме «РИТМ» серіктестіктері.

Аймақ басшысы аспалы көпір елге ұзақ жыл қызмет ету үшін құрылысты сапалы салу аса маңызды екенін айтты.

Бүгінде мұндағы көлік қатынасы бір ғана теміржол өткелі арқылы жүргізілуде. Өткел жабылғанда 2-2,5 шақырымға дейін автокөлік кептелісі пайда болады. Жедел жәрдем, өрт сөндіру, құдық қорғау органдарының кезек күттірмейтін қызметтік көліктеріне, тұрғындарға кедергі келтіруде. Көпір салынса осы мәселе шешімін табады.

Өткен жылы аймақтың жол құрылысын дамытуға 44 млрд. 703 млн. теңге бөлініп, 300 шақырымнан астам жол жөндеуден өтті. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асты.

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Облыс аумағындағы 216 шақырымның 151 шақырымы аяқталып, пайдалануға берілді.

Қосымша 30 шақырымына екі қабатты асфальт жабындысы төселді. Жұмыс қарқынды жүруде. Жоба биыл толық аяқталады.

Көлік-логистика саласында да жетістіктер көп.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Үкімет басшысы Олжас Бектенов өңірімізге арнайы жұмыс сапармен келіп, «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалын салтанатты түрде ашты. Жобаны іске асыруға «Болат Әтемұратов қоры» 16 млрд. 600 млн. теңге инвестиция салды. Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға 4 млрд. 300 млн. теңгеден астам қаржы бөлінді.

«Қазақстан Темір Жолы» компаниясының, жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 600 млн. теңгеден астам қаржыға теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі автовокзал ғимараты пайдалануға берілді.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Бүгін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Шиелі ауданының "Ортақшыл" ауылында "Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту" ұлттық жобасымен салынған дәрігерлік амбулатория ашылды. Рәсімге Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбенов, жауапты сала басшылары, қоғам қайраткерлері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жиналған қауымды Жаңа жылмен құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы, құрылыс, денсаулық сақтау салаларындағы жаңашылықтарды атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы қоғамдағы денсаулық сақтау саласының маңызын айқындап, медицина мамандарының мәртебесі мен беделін арттыру үшін жағдай жасауды тапсырды.

2024 жылы облыстың денсаулық сақтау саласының бюджеті 146 млрд. 200 млн. теңгеге жетті.

Ұлттық жоба аясында барлық ауданда 10 млрд. 200 млн. теңгеге 27 медициналық

нысан салынды. Оның ішінде, Шиелі ауданында 2023 жылы 3 дәрігерлік амбулатория Досбол би, Бала би, "Бұланбай бауы" ауылдарында бой көтерді. Тәуелсіздік күні "Тартоғай" және "Алмалы" елді мекендерінде дәрігерлік амбулаториялар ел игілігіне табысталса, күні кеше Әбділда Тәжібаев және "Бестам" ауылдарындағы медицина мекемелері іске қосылды. Бүгін, "Ортақшылда" жаңа дәрігерлік амбулатория ашылуда. Ұлттық жоба аясындағы ғимаратты сапалы салып, мерзімінде аяқтаған «Бак Береке – 2030» мекемесінің ұжымына Сыр жұртшылығы атынан шынайы ризашылығымызды білдіреміз!



Жаңа амбулаторияда ауыл тұрғындарына бастапқы медициналық көмек сапалы әрі дер кезінде көрсетіледі деп сенеміз. Егемен еліміздің еңсесі биік, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Жаңа 2025 жыл құтты болсын!», - деді Нұрлыбек

Машбекұлы.

Жиында Сенат депутаты Руслан Рүстемов жиналған жұртшылықты құттықтады. Ауданның өсіп-өркендеуіне еңбек сіңірген аға буын ардагерлер мен құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

«ТӘУЕЛСІЗДІККЕ-25 ЖЫЛ» ДАҒЫЛЫН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ АЙМАҚ БАСШЫСЫНЫҢ БАҚЫЛАУЫНДА

Бүгін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаттары Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбеновпен бірге "Тәуелсіздікке - 25 жыл" даңғылын қайта жаңғырту жұмыстарының барысын көрді.

Өткен жылдан бері Сұлтан Бейбарыс көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі Сырдария өзенінің қорғаныш бөгейі нығайтылып, аталған даңғылдың 6,7 шақырымы қайта жаңғыртылуда.

Мердігер мекеме «Уад» ЖШС бұған дейін, 1,2 шақырым кеңейтілетін аумаққа асфальт төседі. Сонымен қатар, Сырдария өзенінің қорғаныш бөгейі тазаланып, 2,6 шақырымға жуық дамба нығайтылды және 1,2 шақырым тіреу қабырғасы тұрғызылды.

Бүгінде қосымша жер телімдерін сатып алу қажеттілігі туындап, зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Аймақ басшысы даңғыл көлік қатынасы мен жаяу жүргіншілерге ұзақ жыл қызмет етуі үшін құрылысты

сапалы жүргізіп, межелеген уақытта бітіру керек екенін ескертті.

Еске салайық, өткен жылы аймақтың жол инфрақұрылымын дамытуға 44 млрд. 703 млн. теңге бөлініп, 300 шақырымнан астам жол жөндеді. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асты.

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жалғасуда.

Облыс аумағындағы 216 шақырымның 151 шақырымы аяқталып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

Қосымша 30 шақырымына екі қабатты асфальт жабындысы төселді. Жұмыстар қарқынды жүруде. Жоба биыл толық аяқталады.

ОБЛЫС ӘКІМІ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДАҒЫ ЖЕДЕЛ БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Бүгін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде Жедел басқару орталығының жұмысымен танысты.



Үкімет басшысының тапсырмасына сәйкес қалалық және аудандық полиция бөлімдеріндегі кіші жедел басқару орталықтарын қаржыландыру жүктелген болатын.

Облыс әкімдігі өңірдің 7 аудандық полиция бөліміндегі Жедел басқару орталығын құруға қаржы бөлді. Бұл қаржыға ақпараттарды қабылдау мен тіркеуді автоматтандыратын, қоғамдық

орындарда тәртіпті бақылайтын 77 бейнекамера, жол қозғалысы ережелерін бұзғандарды автоматты түрде анықтайтын 7 стационарлық жылдамдық өлшегіш құрылғы

сатып алынған, оған қоса «ЖБО 2.0» бағдарламасы да қамтамасыз етілген.

Аудандағы Жедел басқару орталығында бейнекамералар пилоттық режимде жұмысын бастады. Мердігер мекеме стационарлық жылдамдық өлшегіш құрылғылар мен «ЖБО 2.0» бағдарламасын іске қосу үшін тексеру жүргізуде.

Аталған орталықтың басты мақсаты – тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Осыны атап өткен аймақ басшысы тексеруді толыққанды жүргізуді тапсырды.



АУЫЛҒА «КӨГІЛДІР ОТЫН» КЕЛДІ

Бүгін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Шиелі ауданының "Ортақшыл" ауылы газ желісіне қосу рәсімі өтті. Рәсімге Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбенов, жауапты сала басшылары, қоғам қайраткерлері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы ортақшылықтарды ауылға газ келу қуанышымен құттықтады.

"Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайда «Үкімет газ тартылған елді мекендердің санын барынша арттыруға және 1700 шақырым газ желісін жаңғыртуға тиіс. Бұл 300 мыңнан астам адамды "көгілдір отынмен" қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», - деп атап өткен болатын. Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында аймағымызда ауқымды жобалар қолға алынды, байыпты бастамалар іске асып халық игілігіне айналды. Өткен жылдың қорытындысымен өңіріміз барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіш бойынша республикада алдыңғы қатарға орнықты.

Облыс бюджеті 750 млрд. теңгеден асты, осыдан екі жарым жыл бұрын 364 млрд. теңге болатын. Өсім 206 пайызды құрады. Бұл ауқымды қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалуда.

Соңғы үш жылда Шиелі ауданына 159 млрд. 500 млн. теңгеден астам инвестиция тартылды. 2023 жылы аудан бюджеті 16 млрд. 500 млн. теңге болса, 2024 жылы 18 млрд. 800 млн. теңгеге жетіп, 12,4 пайызға өсім алды. Өткен жылдан бері 5 млрд. 953 млн. теңгеге – 25 жоба жүзеге асырылуда.

Кейінгі үш жылда 1 млрд. 262 млн. теңгеге ауыз су желілері жаңартылып, аудан халқының 99,9 пайызы таза ауыз сумен қамтылды. "Ақтам", "Ызалы" елді мекендеріне су желісі тартылғаннан кейін бұл көрсеткіш 100 пайызға жетеді. Бүгінде "Еңбекші", "Жиделіарық", "Бестам", Әбділда Тәжібаев, "Алмалы" және Досбол датқа елді мекендерін газдандыру жобасы толық аяқталды.

Бұдан бөлек, ауданның Сыр беткейіндегі жұртшылықты "көгілдір отынға" қосу үшін 1 млрд. 165 млн. теңгеге Мұстафа Шоқай автоматтандырылған газ тарату стансасының құрылысы басталды.

Елдің дамуы ауылдың гүлденуінен басталады.

Ауылдың дамуы, келешегінің зор болуы – бекем бірлігіміз бен тату тірлігімізге байланысты. Бүгінгі қуаныш барша отбасының бақыты мен шаттығын еселесін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Туған жеріміз Сыр өңірі қарышпап дами бергей!" - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шарада Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов жиналған жұртшылықты құттықтады, ел ағасы Қорғанбек Қайруллаев бағасын берді.

Ауылдың өсіп-өркендеуі жолында қажырлы қызмет еткен сала мамандары мен ардагерлерге облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.



ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҒИМАРАТЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Бүгін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазалы аудандық прокуратурасы ғимаратының ашылу рәсімі өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбенов, облыс прокуроры Ризабек Ожаров және зиялы қауым өкілдері, кент тұрғындары қатысты.

«Бүгін өздеріңізбен бірге Әйтеке би кентіндегі аудандық прокуратура ғимаратының ашылуына куә болудамыз. Бұған дейін прокуратура қызметкерлері аудан орталығынан ғимарат жағра алып, пайдаланып келді. Енді, міне, сәулетті, заман талабына сай, жаңа ғимаратқа ие болды.

Прокуратура қызметкерлері еліміздегі конституциялық тәртіп пен заңдылықтың сақталуы, азаматтардың құқықтарын қорғау мен заңсыздықтарды жою жолында бар күш-жігерін жұмсап, қызметтерін адал атқара береді деп сенемін. Баршаңызды аудандық прокуратура ғимаратының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Әділетті Қазақстан құру жолындағы ізгі мақсат-мұратымызға адал еңбекпен, бекем бірлікпен, тату тірілікпен, толайым жетістікпен жете берейік! Жаңа жыл әр шаңыраққа бақ-береке әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!», – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада ауданның өркендеуіне үлес қосқан ардагерлер, құқық қорғау саласының қызметкерлерімен құрылыс мекемесінің мамандары марапатталды. Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыс прокуроры Ризабек Ожаров рәсімге қатысушыларды құттықтады. Қызылорда облысының Құрметті азаматы Самұрат Имандосов батасын берді.

Айта кетейік, Қазалы ауданында экономиканың барлық саласында тұрақты өсім

калыптасып, даму көрсеткіштері ілгеріледі. Айтулы істер мен жарқын жобалар жүзеге асты.

Өткен жылдың басында аудан бюджеті 10 млрд. 800 млн. теңге болса, жыл қорытындысымен 18 млрд. 946 млн. теңгеге жетіп, 70 пайызға өсті. Бұл қаржы тұрғындардың өзекті деген мәселелерін шешуге бағытталуда.

Қазан айында елдің тұтастығын, береке-бірлігін, ынтымағын ту етіп көтерген тарихи тұлғалар Әйтеке билің 380 жылдығы мен Жанқожа Нұрмұхамедұлының 250 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Сол кезде 148 отбасыға жаңа баспана кілті табысталып, «Өмір Арена» спорт кешені ел игілігіне пайдалануға берілді, Абай ауылы «көгілдір отынға» қосылды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр ауылында 300 орындық мектеп құрылысы қарқынды жүргізілуде. Алдағы ақпан айында пайдалануға беріледі. Ал «Руханият» орталығы сәуір айында ел игілігіне айналмақ.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Әйтеке би кенті, Бекарыстан би және Қожабақы ауылдарында 3 спорт кешені және «Майдакөл» ауылында 100 орындық ауылдық клубтың құрылысы жүргізілуде. «Кәуейі» ауылындағы 100 орындық клуб өткен аптада іске қосылды.

Быттыр ауыл арасындағы, елді мекеншілік жолдардың жағдайын жақсару бағытында бірқатар жұмыс жасалды. Бүгінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 88,2 пайызға жетті.

БАСТЫ МАҚСАТ – ТҮРҒЫНДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

2024 жылы халықты жұмыспен қамту мақсатында облыс әкімімен "2024 жылға арналған өңірлік жұмыспен қамту жол картасы" бекітілді. Аталған жол картасы аясында 46 475 жұмыс орнын ашу жоспарланса, нәтижесінде 49 307 жұмыс орны ашылып, жоспар 106,1 пайызға орындалды. Ашылған жұмыс орындарының 64,1 пайызы жаңа жұмыс орындарының үлесін құрайды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жанабаев айтты.

– Өңірлік картаның әрбір бағыты бойынша бекітілген жоспар артығымен орындалды. Ұлттық жобалар аясында 3 458 жұмыс орны ашылып, жоспардың орындалуы 106,1 пайызды құраса, бос жұмыс орындары бағыты бойынша жоспар 116,6 пайызға жетті. Сондай-ақ, Президенттің тапсырмасына сәйкес "10 мың халыққа 100 жаңа жұмыс орнын құру" тапсырмасы шеңберінде 10 655 жұмыс орны құрылуы керек болса, 11 870 жұмыс орны құрылып, көрсеткіш 111,4 пайызға артығымен орындалды. Биыл да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып, 44 000-нан астам жұмыс орындарын ашып, жұмыссыздық деңгейін 4,8 пайызға төмендетуді жоспарлап отырмыз. Айта кетейін, 2024 жылы аймақтағы 33 759 адамға атаулы әлеуметтік көмек төленсе, әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 32 901 мүгедектігі бар адам оналудың жеке бағдарламасына сәйкес техникалық оналту құралдарымен қамтамасыз етіліп отыр, – деді Ғабит Жұмабекұлы.

«АЛТЫН ДОМБЫРА» ИЕГЕРІН КҮТІП АЛДЫ

Бүгін "Қорқыт Ата әуежайынан" Астана қаласында өткен "Төрлет, еңбек адамы" тақырыбындағы республикалық ақындар айтысының «Алтын домбыра» иегері атанған, күні кеше Ұлытау облысында өткен республикалық ақындар айтысының бас жүлдесі – темір тұлпарды иеленген Сыр айтысының сұңқары Мейірбек Сұлтанханды жерлестері күтіп алды.

"Облыстың бас ақыны" атанған Маханбетқали Тұрсановтан бастап Мұхтар Ниязовқа дейінгі аралықта Сыр бойынан қаншама айтыс санлақтары шықты. Осыдан 12 жыл бұрын Мұхтар Ниязов алғаш рет «Алтын домбыраны» жеңіп алып, осы жетістігін тағы да екі рет қайталап, үш мәрте «Алтын



домбыра» иегері атанды. Қазіргі таңда «Алтын домбыра» облыстық тарихи-өлкетану музейінен орын алған.

Мейірбек Сұлтанхан Шиелі ауданының тумасы, Л.Н.Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты.

Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының мүшесі. Мәдениет және ақын Өміржан Көпбосын қатысады.

мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты. 2006 жылдан бері сөз сайыстарында әрдайым бас бәйге мен бірінші орынды иеленіп келеді. Қазақтың айтыс өнерінің бар күдіретін бойына сіңірген, шашасына шаң жұқтырмас дарабоз дәрежесіне жеткен Мейірбек Сұлтанханның «Алтын домбыра» айтысындағы жеңісі – сол жеңістерінің жалғасы. Ертен ақынның туған жері Шиелі ауданында «Руханият орталығының» ашылуы және «Алтын домбыраны» табыстау рәсімі өтеді.

Айтулы шараға Сыр елінің құрметті қонақтары, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман, Мәжіліс депутаты, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Аманжол Әлтай, Сенат депутаты, журналист, Нұртөре Жүсіп және ақын Өміржан Көпбосын қатысады.

150 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Арал қаласында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен әлеуметтік осал топтағы отбасылар үшін сатып алынған 150 пәтерлік 75 тұрғын үйдің кілтін иелеріне табыстау рәсімі өтті. Оған Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбенов және зиялы қауым өкілдері, тұрғындар қатысты.



Өңір басшысы жиналған қауымды Жаңа жылмен, жаңа пәтер иелерін қоныстымен құттықтап, әлеуметтік-экономикалық дамудағы, құрылыс, инфрақұрылым салаларындағы жетістіктерді атап өтті.

«Баршаңызға Жаңа жыл құтты болсын! Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында бүгінгі күні облысымыздың бюджеті 750 млрд теңгеге жетті. Барлық салада көрсеткіштердің оң динамикасы қалыптасты. Өңіріміз негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алғашқы орында. Үкімет басшысы облысымызға жұмыс сапары кезінде жүзеге асырылған жобаларға оң бағасын беріп, құрылыс, «Ауыл аманаты» бағдарламаларын іске асыру тәжірибесін республикаға кеңінен таратулы тасырды.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен аймағымыз қарқынды құрылыс алаңына айналды. Облыста 133 млрд. 400 млн теңгеге 187 жобаның құрылысы жүргізілуде. Бұл – қолға алынған жұмыстарымыздың бір бөлігі ғана. Алдағы уақытта елдің игілігі мен балаларымыздың болашағы үшін жасалатын ауқымды жобалар

жалғасын табады. Қасиетті Сыр өңірі өркендеп, көркейе берсін! Еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай!», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Іс-шарада ел бірлігін бекемдеуге үлес қосқан аға буын ардагерлер мен жаңа тұрғын үйлерді сапалы етіп салып, ел игілігіне табыстаған құрылысшылар марапатталды. Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов қоныс той иелерін құттықтап, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Бинали Каюпов батасын берді. Айта кетейік, соңғы үш жылда Арал ауданына 71 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылды. Екі жыл бұрын аудан бюджеті 10 млрд. теңгеге болатын, бүгінде 21 млрд. теңгеге өсті. Үш жыл ішінде 1 млрд. 900 млн. теңгеге 80 шақырым ауыз су желілері, 783 км. теңгеге 54,2 шақырым электр желілері жаңартылды. «Шижаға» елді мекенінің ескірген электр желілері қайта жаңғыртылуда, Арал қаласында 795 млн. теңгеге 2 жоба қолға алынған. Аудан халқына «көгілдір отын» жеткізуде құны 5 млрд. 200 млн. теңгеге «Қамыстыбағ» автоматтандырылған газ тарату стансасының құрылысы басталды.

ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІНДЕ 47 ӘКІМ ЖАҢАДАН САЙЛАНАДЫ

Ауыл әкімдерін тікелей сайлау тетігі енгізілген уақыттан бері Қызылорда облысындағы 146 әкімнің 90 пайызы жаңадан сайланды.

ҚР Жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңға сәйкес әкімдер 4 жыл мерзімге сайланады. 2025 жылы өкілеттілік мерзімі аяқталатын және мерзімін бұрын тоқтатылған ауыл әкімдерінің сайлауы ұйымдастырылады. Мәселен, Қызылорда қаласында 2 ауылдық округ, Арал ауданында 10 округ, Қазалы ауданында 2 округ, Қармақшы ауданында 4 округ, Жалағаш ауданында 5 округ, Сырдария ауданында 6 округ, Шиелі ауданында 3 округ және Жаңақорған ауданында 15 ауылдық округ әкімі сайланады. Айта кетейік, өткен 2024 жылы 33 ауыл әкімі сайланды. Оның 2-і кент, 31-і ауылдық округ әкімі. Ауыл әкімі сайлауының өткізу кезеңдері туралы ақпарат білгіңіз келсе, постердегі QR кодты сканерлеңіз.



РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Шиелі ауданында «Руханият орталығының» салтанатты ашылу рәсімі өтті. Мерекелік іс-шараға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Нұртөре Жүсіп, Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Аманжол Әлтай, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбенов, облысқа арнайы жұмыс сапарымен келген ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбаев, сондай-ақ, Мәдениет министрілігі мен Жазушылар одағының өкілдері арнайы қатысты.

Рәсім үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязовтың арнауымен ашылды.

Аймақ басшысы жұртшылықты жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

«Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Сол себепті азаматтарымыздың рухы әрқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, руханиятымызға баса мән беруіміз қажет» – деген болатын. 2024 жыл өңірімізде «Руханият жылы» деп жарияланып, атаулы жылда мәдени-көпшілік шаралармен қатар, ауқымды жобалар жүзеге асты. «Руханият жылы» Сыр өңірі үшін жемісті жыл болды. Барлық 7 ауданда құны 11 млрд. 500 млн. теңге, ішінде неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият орталықтары» салынып, пайдалануға берілуде.

Сыр өнерпаздарының әлеуметтік мәселесі де басты назарымызда. Мәдениет саласы өкілдеріне арналып алғаш рет жаңадан көпқабатты тұрғын үй салынып, 40 жаңа қызметтік пәтер табысталды. Мәдениет және өнер, әдебиет өкілдерін қолдау мақсатында өткен жылдан бері «Тұран» сыйлығы дәстүрлі түрде жыл сайын табысталауда. «Төрлет, еңбек адамы!» тақырыбындағы республикалық айтыста жерлесіміз Мейірбек Сұлтанхан «Алтын домбыраны» иеленді. Бұл жеңіс аймағымызда жарияланған «Руханият жылы» қорытындыланатын тұста керемет тарту болды. «Руханият орталығы» бірліктің ордасы болып, еліміздің құндылықтар қазынасын толықтыра бергей. Жаңа 2025 жыл құтты болсын!», – деді Н.Нәлібаев.

Жиында ҚР Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп, Мәжіліс депутаты, айтыскер ақын Аманжол Әлтай, Сенат депутаты Наурызбай Байқадамов, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақырұлы сөз сөйлеп, жиылған жұртшылықты құттықтады. Ақын Жүрсін Ерман ақ батасын берді. Ауданның өркендеуіне үлес қосқан ардагерлер мен мердігер мекеме қызметкерлері

марапатталды. Рәсімде Мейірбек Сұлтанхан арнау айтып, «Алтын домбыраны» облыс әкіміне табыстады.

Бұл - Сыр елінің айтыскер ақындары жеңіп алған екінші "Алтын домбыра". Оны Сыр руханиятының жұлдызын биікте жарқыратқан Айтыстың ақтангері Мұхтар Ниязовтан кейін Мейірбек Сұлтанхан иеленіп, жыр еліндегі сабақтастықтың үзілмегені тағы бір дәлелдеді. Еңбек тақырыбын, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ұсынған «Адал еңбек – адал табыс – адал адам» қағидатын жырлап, көрерменді асыл сөздің нәрмен сусындатты.

Айта кетейік, төрімізге озған 2025 өңір үшін тарихи маңызды жыл болмақ. Осыдан бір ғасыр бұрын, 1925 жылы мемлекет астанасын Орынбордан Ақмешітке көшіру туралы шешім шыққан.

Сырдың киелі топырағында Кеңестердің Бүкіл қазақстандық бесінші съезі өтіп, «Киргиз Автономиялы Социалистік Кеңес Республикасы» деген атау «Қазақ автономиялы Социалистік Кеңес Республикасы» деп өзгертіліп, ұлтымыздың тарихи атауы қайтарылды. Республика астанасы Ақмешіт қаласын Қызылорда деп атау туралы қаулы қабылданды.

Еліміздің алғашқы Үкімет басшылығы, басқару институттары осы жерде қалыптасып, нығайды. Өнер-білім ордаларының іргесі қаланып, әсем ғимараттар бой көтерді.

Ұлт зиялыларының баршасы осы қалада шоғырланды. Қызылорда сол кезден бастап қазақ елінің тек саяси ғана емес, рухани және мәдени орталығына айналды, халық ағарту ісі, қазақ әдебиеті, театры сынды рухани құндылықтар осы топырақта жаңа қарқынмен дамыды.

Биыл қазақ театр өнерінің негізі қаланған Қызылордадағы Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының құрылғанына 70 жыл толады. Кәсіби өнер ұжымы 300-ден астам қойылымды сахналаған. Республикалық, халықаралық фестивальдерге қатысып, жүлделі орындарды иеленіп келеді.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданына жұмыс сапары кезінде «Жанарық» ауылындағы 300 орындық мектептің ашылу рәсіміне қатысты. Білім ошағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынған.



Ашылу салтанатына ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбенов қатысты. Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды», - деді.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен қолға алынған Сыр өңіріндегі байыпты бастамалардың, мақсатты жобалардың игілігін халық көруде. Білімді азамат – егемен еліміздің ертіні, халқымыздың болашағы. Қандай мықты мемлекет болмасын, жас ұрпақтың білімі мен оқу-ағарту ісіне барынша көңіл бөледі. 2024 жылы білім саласына бөлінген қаржы 264 млрд теңгеге құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 9,3 пайызға артты. Аймағымызда 6 мектеп,

5 мектепке қосымша ғимарат салынып, ел игілігіне табысталды. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығынан бой көтерген «Шығармашылық академиясы» мамыр айында ел игілігіне табысталды. Дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернат жалғастырылып, ауыр ауырып жатқан балаларға пайдалануға беріледі. «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен қолға алынған музыкалық колледждің жаңа ғимараты да мамыр айында ашылады.

Шиелі ауданынан 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебін» пайдалануға береміз. 2023 жылы облыс орталығындағы 4 мектепке 1 850 орынға арналған қосымша ғимарат салдық. Бюджетке салмақ түсірмей, қаржыны үнемді пайдаланып, үш ауысымды оқытуға көшуі мүмкін мектептер мәселесін шештік.

Былтыр 8 млрд 100 млн теңгеге 3 мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өтті. Мемлекет басшысының 1 300 мектепке күрделі жөндеу жүргізу тапсырмасына сәйкес алдағы 3 жылға 51 мектеп жоспарланған.

Заманауи білім нысандарының пайдалануға берілуі, жаңа келбеті - аймағымыздың білім саласына үлкен қолдау, балалар мен ұстаздарға деген ерекше қамқорлық. Бүгін табысталған жаңа білім ғимаратынан алдыңғы буынның ізгі жолын жалғаған білімді, талантты шәкірттер шығатынына сеніміміз мол. Санасы сергек, ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті оқушыларымыз көп болмай», - деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты іс шарада Оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлы, Мәжіліс депутаты Мұрат Абдуламұлы жиылған жұртшылықты құттықтады. Сонымен қатар, ауылдың өркендеуіне үлес қосқан ардагерлер мен құрылыс мекемесінің мамандары марапатталды. Айта кету керек, Мемлекет басшысының Жарлығымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды.

Президент тапсырмасына сәйкес 9-сыныпты бітірушілердің арасынан жұмысшы және орта буын мамандықтарды игеруге ниетті жастарды 100 пайыз тегін кәсіптік біліммен қамту жоспарланған. Аймақ колледждеріне 5 308 орын мемлекеттік тапсырыс бөлінеді. Бұл - жастардың кәсіптік білім алуына берілген үлкен мүмкіндік. Аймақтың еңбек нарығына қажетті кадрлардың ұзақ мерзімді болжамын анықтау үшін Мамандықтар атласы әзірленді. Атласқа сәйкес жаңа мамандықтар ашылады.

Атаулы жылдың іс-шараларын жүзеге асыру үшін жергілікті бюджеттен 900 млн теңге қаржы қарастырылды. Қаржы колледждерді күрделі жөндеуге, материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға, мектептерде кәсіби бағдар беру кабинеттерін ашуға, «Кәсіби бағдар беру педагогы» штат бірлігін енгізуге және жұмысшы мамандықтарын дәріптейтін түрлі шаралар мен нақты жұмыстарды жүзеге асыруға бағытталады.



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БАРЛЫҚ АУДАНДАРЫНДА ПОЛИЦИЯ БӨЛІМДЕРІНІҢ ЖЕДЕЛ БАСҚАРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қызылорда облысында бір мезгіте барлық аудандарда полиция бөлімдерінің «Жедел басқару орталықтары» жұмысын бастады. Заманауи жоба ҚР Ішкі Істер министрінің бастамасымен және Қызылорда облысы әкімінің қолдауымен Республикада алғаш рет Қызылорда өңірінде іске асты.

Бұл орталықтар ұсақ құқық бұзушылықтан бастап ауыр қылмыстың «ізін суытпай» ашуға септігін тигізетін ішкі істер органдарындағы маңызды әрі қажет қызметтің бірі.

Бүгінгі күні әртүрлі қылмыстарды жедел ашу, және тәртіп сақшыларының жұмысын тиімді әрі оңтайлы ету үшін аймақта цифрлық мүмкіндіктер кеңінен қолданылуда.

Бірегей «Жедел басқару орталығы» жобасы аясында 7 аудандағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге барлығы 588 бейнебақылау камераларымен қамтамасыз етілді. Әр ауданға 77 дана бейнебақылау камера мен 7 жылдамдықты өлшегіш құралы орнатылды.

Енді операторлар қоғамдық тәртіпті бұзу әрекеттерін оңай



анықтай алады.

Сақшылар осы арқылы темекі тұқылын тастау, қоғамдық орындарды ластау, жаю жүргіншілердің арнайы жерлерден өтпеуін және автокөліктердің жол ережелерін бұзу фактілерін тіркей алады. Бұл қоғамда тәртіп иммунитетін күшейтуге жол ашатын маңызды кадамның бірі.

Жедел басқару орта-

лықтарының көмегімен құқық бұзушылықтардың алдын алу және азаматтарға жедел көмек көрсету, жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға мүмкіндік болады. Бұл азаматтардың да жауаптылығын күшейтуге септігін тигізеді. Айта кету керек, өткен жылы камера көмегімен 138 қылмыс ашылды, 50 мыңға жуық әкімшілік құқықбұзушылық анықталды.

МӘМС АЯСЫНДАҒЫ ЭЭГ



Электрэнцефалография арқылы инсульт, ми ісігі, эпилепсия және басқа да ми қан айналымының бұзылуына күдік ерте анықталады. Бұл тексеру міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша сақтандырылған пациенттерге қолжетімді.

Қызылорда қаласының тұрғыны Зәбира Сайфуллаева көшеде өзін нашар сезініп, қолы мен сол жағының беті ұйып қалды. 65 жастағы әйелге жедел жәрдем шақырылып, алғашқы шұғыл медициналық көмек көрсетілді. «ALEXEY S U L T A N - A K H M E T »

емханасында тіркелген пациент тексерулерге, сонымен бірге электроэнцефалографияға жіберілді.

Мидың электрлік белсенділігін зерттеудің бұл әдісі эпилепсияда, менингитте, балалардың церебральды сал ауруында, басішілік гипертензияда, мидың тамыры зақымдануында және т. б. ауруларда көрсетіледі.

«Дәрігер жүрегі жақсы, инсульт белгілері жоқ деді. ЭЭГ-дан өттім. Айта кету керек, бұл емханада диагностикалық тексерулердің барлық түрлері бар екен. МӘМС жүйесінің



арқасында қымбат медициналық қызметтер бізге де қолжетімді», - дейді Зәбира Сайфуллаева.

Тексеру барысында пациентте дисциркуляторлық энцефалопатия анықталды. Бұл ми қан айналымының созылмалы жеткіліксіздігі. Оның ауыр зардаптарының бірі – инсульт.

«ALEXEY SULTAN- AKHMET» ЖШС директорының орынбасары Қуанышбек Алмағамбетовтың айтуынша, ми қан айналымының бұзылуына күдіктенетін міндетті тексерулердің қатарында ЭЭГ бар.

«МӘМС жүйесі енгізілгенге дейін электроэнцефалография

тек ақылы негізде жүргізілетін. Енді біз ЭЭГ-ға қан қысымы, бас ауруы, бас айналу кезінде де жібереміз. Бұл тексеру әдісі МӘМС жүйесіндегі барлық сақтандырылған азаматтарға қолжетімді», - деді Қуанышбек Нұрбергенұлы.

Жалпы, 2024 жылдың 11 айында Қызылорда облысында ТМККК және МӘМС аясында 8,6 миллиард теңгеге 2 миллионнан астам тар буынды мамандарының кеңесі мен диагностикалық тексерулер жүргізілді. Бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,3 есе көп.

МЕМЛЕКЕТ БАРЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

2024 жылы әлеуметтік қамсыздандыруға 5,4 трлн теңге бөлінді, оның ішінде зейнетақы төлеуге 3,8 трлн теңге қарастырылды. Барлық әлеуметтік төлемдерге (зейнетақылар мен жәрдемақылар) арналған шығыстар республика бюджетінің барлық шығыстарының 21,8%-ын құрады.

Мемлекет 2024 жылы мүгедектігі және асыраушысынан айырылуы бойынша 614 млрд теңгеге жәрдемақы төледі. Сонымен қатар, көпбалалы отбасыларды қолдауға 472,9 млрд теңге бөлінді.

2025 жылы халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерді орындау үшін 6 трлн теңге қарастырылған, алушылар саны шамамен – 5 млн адам.

Қазақстанда зейнетақы мен жәрдемақы мөлшері өсті. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақылар мен базалық зейнетақы төлемдерінің барлық түрінің мөлшері ҚР Ұлттық Банкі айқындайтын инфляцияның болжамды деңгейіне сәйкес 6,5%-ға, ынтымақты зейнетақы 8,5%-ға, яғни инфляция деңгейінен 2% - ға оза отырып ұлғайтылды.

Бұдан басқа Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдан бастап бес жыл ішінде ең төмен базалық зейнетақыны ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-на дейін, ең жоғары – 120%-ға дейін жыл сайын кезең-кезеңімен арттыру жүзеге асырылады.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақылардың ұлғаюының бірнеше үлгісі:

- 1, 2, 3 бала туғанда берілетін жәрдемақы 140 мың теңгеден 149 мың теңгеге дейін, 4 және одан да көп бала туғанда берілетін жәрдемақы – 233 мың теңгеден 248 мың теңгеге дейін ұлғайды;

- мөлшері балалар санына байланысты берілетін көпбалалы отбасыларға арналған жәрдемақы 4 баласы бар отбасылар үшін 59 мың теңгеден 63 мың теңгеге дейін, 10 баласы бар отбасылар үшін – 148 мың теңгеден 157 мың теңгеге дейін артты;

- 1 топ мүгедектігі бар адамдарға арналған жәрдемақы 95 мың теңгеден 102 мың теңгеге дейін, II топ – 76 мың теңгеден 81 мың теңгеге дейін, III топ – 52 мың теңгеден 55 мың теңгеге дейін өсті.

МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ ОБЛЫСТА 68 СӘБИ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Өңірімізде жаңа жылдық мереке қарсаңында бірқатар мекеме күшейтілген режимде жұмыс істеді. Бұл күндері аймақта 68 сәби дүниесі есігін ашты. Одан бөлек, жедел жәрдем қызметінің 103 желісіне 6 588 шақыру түссе, 109 Бірыңғай байланыс желісіне 1 675 хабарлама тіркелген. Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында тиісті сала мамандары мәлімдеп, мереке күндері 24/7 режимінде жұмыс істеген мекемелердің атқарған

жұмыстары жөнінде ақпаратпен бөлісті. – Облыс бойынша барлығы 79 жедел жәрдем тобы жұмыс атқаруда. Мереке күндері 458 дәрігер кезекшілікте болса, 1 468 орта буын медицина қызметкерлері мен 369 кіші медицина қызметкерлері жұмыс істеді. Қазан айынан бастап шақырулардың күрті көбеюіне байланысты және мереке күндерін ескере отырып қарбалас сағаттарына қосымша 5 жедел жәрдем тобы қосылды, - деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы

басшысының емдеу-алдын алу жұмыстары жөніндегі орынбасары Жаныл Әбубәкірова.

2024 жылдың 31 желтоқсан мен 2025 жылдың 4 қаңтары аралығында аймақта жедел жағдай тұрақты өтті.

– Департаменттің жауынгерлік есебінде 186 қызметкер, 55 бірлік техника, 2 тікұшақ пен 2 қайық және 1 кинологиялық есеп қызмет атқарды. Жалпы, құрылымдық бөлімдер тарапына 16 қонырау түссе, 4 техногенді

сипаттағы төтенше жағдай тіркелді. Сондай-ақ, есігі құлыпталып қалған пәтер ішінен 8 адам құтқарылды. Облыс және аудан орталықтарында орналасқан жаңа жылдық шырышаларға кезекшілік ұйымдастырылды, нәтижесінде оқыс оқиғалар тіркелген жоқ, - деді облыстық ТЖД жоспарлау және жедел басқару орталығы өрт байланысының орталық пункті бастығы Нұрболат Қиятов.

«Жедел әрекет ету» орталығы екі функция бойынша жұмыс істейді.

– Оның бірі – «109 – Бірыңғай байланыс орталығы» болса, екіншісі – «112 – Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі». Осы қызмет түрлері бойынша барлығы 64 оператор жұмыс істеді. Мереке күндері 112-қызметіне 1 451 хабарлама түссе, 109-Бірыңғай байланыс орталығына 1 675 өтінім келіп түсті, - деді Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жедел әрекет ету орталығы» ҚММ-нің директоры Тігерхан Мұқанғали.



ЖАСӨСПІРІМ ҚЫЗДАР АРАСЫНДА ҚР ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ

«Мүз айдың» спорт кешенінде жасөспірім қыздар арасында волейболдан Қазақстан Республикасы чемпионатының ашылу салтанаты өтті.

Салтанатты рәсімге Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Ғарифоллаұлы арнайы қатысып, жарыс

қатысушыларына сәттілік тіледі.

– Барша жарыс қатысушыларын жарыстың ашылуымен құттықтаймын! Еліміздің әр облысынан жиналған мықты спортшыларымыз тартысты ойын өрнегін көрсетіп, төрешілер әділ бағасын қояды деп сенемін. Волейболшы қыздарымызға сәттілік тілей отырып, шын мықтылар жеңіс тұғырынан көрінсін, – деді

басқарма басшысы.

Айта кетейік, дубірлі додаға Шығыс Қазақстан облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Ақтөбе, Атырау, Жетісу, Маңғыстау, Жамбыл облыстары мен Астана және Шымкент қаласынан келген 16 команда бес күн бойы өзара бақ сынасап.

ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОР БОЛАЙЫҚ

«Жанақорған орман және жаңуарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі жалпы орман қоры жері 791 557 га жерді құрайды. Оның ішінде орманды жерлер 691 639 га, ормансыз жерлер 99 918 га, орманмен қамтылған алқабы 541 756 га болып бөлінген.

Жоғарыда аталған орманмен қамтылған алқабы 541 756 га жердің 4,4 % пайызын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы N 1034 қаулысымен бекітілген. Өсімдіктер мен жаңуарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін енгізілген Тораңғыл терек (*Populus pinnata*), Тополь сизолистый) ағашы құраса, Сексеуіл – (лат. *Naloxylon*) діңі мен бұтақтары бұраң – бұраң боп келетін, құмды жерлерде өсетін, шөлге төзімді, морт сынатқын, жапырақсыз қатты ағаш тұқымдас өсімдік. Оның орталық Азия мен Араб елдерінде онға жуық түрі бар. Соның үшеуі Қазақстанда өседі. Олар: ақ сексеуіл, қара сексеуіл және Зайсан сексуілі. Жалпы бұл өсімдіктер Қазақстандағы орман қорының 48 пайызын алып жатса, Біздің Жанақорған орман шаруашылығының жері 791 557 га жердің 82,2 % пайызды құраған.

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.02.2023 жылғы № 61 санды бұйрығына сәйкес, орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларды бекіту туралы» бұйрығында Қазақстан Республикасының «Қызыл Кітабына» енгізілген Тораңғыл ағашын шапқаны үшін әр бір данасына келесідей шығындары есептелінеді:

1. Өсуін тоқтату дәрежесіне дейін зақымдаған жағдайда әр түбіне 500 АЕК мөлшерінде, яғни 1 966 000 теңге көлемінде залал есептелінеді.
2. Өсуін тоқтату дәрежесіне дейін жойғаны немесе зақымданған жағдайларда - әр түбіне 1000 АЕК яғни 3 932 000 теңге көлемінде залал есептелінетіндігін ескертеді.

Сонымен қатар ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 381-1 бабының 2-бөлігімен мемлекеттік орман қоры жерлерінде ағаштар маен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау, заңсыз кесілген Сексеуіл ағаштар мен бұталары және құдық бұзушылық жасаған қолқалдары және өзге де

«Жанақорған орман және жаңуарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі»
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі



ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ САЛДАРЫНАН КЕЛТІРІЛГЕН ЗИАНДЫ ӨНДІРУ ТУРАЛЫ ДАУ МЕДИАЦИЯМЕН РЕТТЕЛДІ

Арал аудандық сотында талап қоюшы Т.-ның жауапкер Ә.-ден жол-көлік оқиғасы салдарынан келтірілген мүлктік зиянды өндіру туралы азаматтық ісі медиация тәртібімен реттелді.

Талап қоюшы талабында, жауапкердің кінәсінен жол-көлік оқиғасы орын алғанын, жауапкер жол жүрсі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгіленген қағидаларын сақтамай келігіне соқтығысқанын көрсетіп, жол-көлік оқиғасы салдарынан келтірілген 559 637 теңге мүлктік зиян өндіруді сұраған.

Істі негізінен қарау барысында тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келіп, оны бекіту үшін сотқа ұсынған.

Медиациялық келісімнің шарттары бойынша, жауапкер талап қоюшыға берешегін ай сайын 50 000 теңгеден төлеп құтылуға міндеттенген, ал талап қоюшы келісім талаптарын қабылдаған.

Сот ұйғарымымен дауды реттеу туралы келісім бекітіліп, іс жүргізу өндірістен тоқтатылды.

Арал аудандық соты

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында 7 қылмыс ашылды

Қызылорда қаласының прокуратурасы алимент бойынша берешек кейбір борышкердің букмекерлік кеңселерде ақшаға бәс тігіп жүргенін анықтады.

Был 135 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылса, 4 борышкерге қылмыстық іс қозғалды.

– Балаға төленетін алименті бойынша берешегі бар бір борышкердің қарызы 5,2 млн теңгені құраған. Ол 2 млн теңгесін букмекерлік кеңседе ұтылған. Оған қапысты ҚР Қылмыстық Кодексінің 139-бабымен қылмыстық іс тіркелді. Алимент қарызы толық өтелді. Содан кейін жәбірленушімен татуласып, ақталмайтын негіздермен қылмыстық іс тоқтатылды, – деп мәлім етті Қызылорда облыстық прокуратурасынан.

Еске салсақ, бұдан бұрын Қызылорда облысында Жаңа жыл түнінде 7 қылмыс ашылды. Облыс бойынша барлығы 472 әкімшілік құқық бұзушылықтар анықталды. Оның ішінде қоғамдық орындарда мас күйде болған 32, түнгі тыныштықты бұзған 21 адам жауапқа тартылды.

20 тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы тағайындалды

Көлікті масан күйде жүргізген жүргізуші үшін тағайындалатын жаза қаншалықты қатал болса да, ішімдік ішіп көлік жүргізу әрекеті тыйылмай келеді.

Жаңа жылдың алғашқы жұмыс күнінде қаралған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қатарын, масан күйде көлік тізгіндеген азаматқа қапысты іс құрап отыр.

Азамат Т. көлік жүргізу құқығы жоқ бола тұра, 4 қантар күні автокөлігін алкогольдік ішімдік ішкен масан күйінде тізгіндеген. Медициналық куәландырудың қорытындысына сәйкес, жүргізуші орташа дәрежелі алкогольді масан күйінде болған.

Сот отырысында оның құқық бұзушылық әрекеті, өзінің кінәсін мойындаған жауабымен, сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен толық дәлелденген.

Сот қаулысымен Т. жасаған құқық бұзушылығы үшін ҚР ӘҚБтК-нің 608-бабының 6-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 20 тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы тағайындалған.

Мас жүргізуші өз өміріне қауіп төндіріп қоймайды, сонымен қатар айналасындағылардың да өміріне қауіп төндіреді. Сондықтан да, ішімдік ішіп көлік басқару орны толмас қайғыға себепші болатынын естен шығармайық.

Арал аудандық соты

БОС ОРЫНДАРҒА ҮМІТКЕРЛЕР ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы, Төлебаев көшесі № 39, анықтамға үшін 8 (7242) 27-80-86 факс, 8 (7242) 26-33-69, эл. мекен жайы usso.shtab-kzo@mvd.gov.kz бос орындарға үміткерлерді қабылдауға хабарландыру жариялайды:

| № | Лауазымы | Санаты | Лауазымдық жалақы | Лауазымдық жалақы + 30% экологиялық төлем |
|---|---|---------|-------------------|---|
| 1 | Полицей | C-SV-12 | 153 887 теңге | 200 053 теңге |
| 2 | Тылдық қамтамасыз ету бөлімшесі полицей-жүргізуші | C-SV-12 | 153 887 теңге | 200 053 теңге |

1. Саптық бөлінісінің полицейі (C-SV-12), (қатардағы және кіші басшы құрам).

Функционалдық міндеттері: Қылмыстық және өзге де қолсұғушылықтардан мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің қауіпсіз жұмыс істеуін күзет (режимдік) іс-шараларын жүзеге асыру жолымен қамтамасыз ету, бекет аймақтарында және патрульдеу бағыттарында полицияның кешенді күштері құрамында қоғамдық тәртіпті сақтауды және құқық бұзушылықтарға қарсы күресті қамтамасыз ету. Ішкі істер органдарының басқа бөлімшелерімен қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту, анықтау, жолын кесу бойынша өзара іс-қимыл жасасу.

Кандидаттарға қойылатын негізгі талаптар: білімі орта, бойы - 170 сантиметрден кем емес, жасы—отыз бес жастан жоғары емес, талапқа сәйкес білімі, жедел әскери қызметінен немесе әскери-техникалық мектебінен өткен. Осы категория бойынша өтінім берген азаматтар, зейнетақы алуға жеткен жаста (қырық сегіз жас) Ішкі істер органдарындағы еңбек өтілі үздіксіз жиырма бес жыл болуы тиіс.

Қызылорда облысы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы Тәрбие және кадр жұмысы бөлімі

ОБЪЯВЛЕНИЕ НАБОР КАНДИДАТОВ НА ЗАНЯТИЕ ВАКАНТНЫХ ДОЛЖНОСТЕЙ

Государственное учреждение Управление специализированной службы охраны Кызылординской области Министерства внутренних дел Республики Казахстан, г.Кызылорда, ул. Тулебаева № 39, телефон для справок. 8 (7242) 27-80-86 факс, 8 (7242) 26-33-69, эл. адрес usso.shtab-kzo@mvd.gov.kz объявляет набор кандидатов на занятие вакантных должностей:

| № | Должность | категория | Должностной оклад | Должностной оклад + 30% экологическая надбавка |
|---|---|-----------|-------------------|--|
| 1 | Полицейский | C-SV-12 | 153 887 теңге | 200 053 теңге |
| | Водитель - полицейский отделение тылового обеспечения | C-SV-12 | 153 887 теңге | 200 053 теңге |

1. Полицейский строевого подразделения (C-SV-12), (рядовой и младший начальствующий состав).

Функциональные обязанности: Обеспечение безопасного функционирования объектов, подлежащих государственной охране, от преступных и иных посягательств, путем осуществления охранных (режимных) мероприятий, обеспечения охраны общественного порядка и борьбы с правонарушениями в зонах постов и маршрутов патрулирования нарядов. Взаимодействие с другими подразделениями органов внутренних дел по предупреждению, выявлению, пресечению преступлений и административных правонарушений.

Основное требование к кандидатам: среднее образование. Рост не ниже 170 сантиметров, Возраст не старше тридцать пяти лет, имеющие соответствующее образование, прошедшие срочную военную службу или военно-техническую школу. Граждане, подавшие заявки на участие в конкурсе по данной категории, при наступлении пенсионного возраста (сорок восемь лет) должны иметь выслугу двадцать пять лет службы в органах внутренних дел.

Отдел воспитательной и кадровой работы Управление специализированной службы охраны Кызылординской области

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егинжибаева Анар
Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/РҮ00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынұнов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Тарапмыз 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №3

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/